Исх. № 5165-25-5-21/2343 от 17.02.2025, Вход № 978 от 18.02.2025

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СУД ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Түркістан қ. "Жаңа қала" ш\а, 160 орам, 498 учаскі

г. Туркестан, мкр. "Жана кала", 160 квартал, 498 участок

17.02.2025 № *5165-25-5-21/2343*

«Шардара ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты №5165-24-00-2/3279 санды азаматтық іс бойынша заңды күшіне енген сот шешімін орындауға ұсыну үшін жолдайды.

Қосымша: шешім көшірмесі.

Судья **С.Байтенов**

Құжатты жасаған: ИЛЕСБАЕВ А. Т., 725-2465@sud.kz
Құжатқа қол қойылған: БАЙТЕНОВ С. К., 17.02.2025 16:58

Испол.: Илесбаев А. Т.
тел.: *725-2465@sud.kz*

Подпись канцелярии

165-25-5-21/2343 17.02.2025

Исх.№ 978 Вх.дата 18.02.2025 Копия электронного документа. Дата: 18.02.2025 10:30 Версия СЭД: 7.22.2

Scanned with CamScanner

17.02.2025 18:33 ДӘРІБОЗОВ ҚАЗЫБЕК

Подпись руководителя
17.02.2025 16:58 БАЙТЕНОВ САПАРАЛЫ

Документ жасаған: ИЛЕСБАЕВ А. І., 725-24b3@sud.kz
Құжатқа қол қойылған: БАЙТЕНОВ С. К., 17.02.2025 16:58

Документооборот
Құжат айналымы
Копия электронного документа. Дата: 18.02.2025 10:30. Версия СЭД: 7.22.2. Подписанный результат
№ 078 Дата 18.02.2025 Копия электронного документа
25-5-21/2343 17.02.2025

Scanned with CamScanner

Тип документа	Входящий документ
Номер и дата документа	№ 978 от 18.02.2025 г.
Организация /отправитель	СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СУД ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
Получатель (-и)	ГУ "АППАРАТ АКИМА ШАРДАРИНСКОГО РАЙОНА" ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

[[QRCODE]]

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.

165-25-5-21/2343 17.02.2025

Құжатты жасаған: ИУ ЕСЕЛЕВ А. Т., 7/25-2465@sud.kz
Құжатқа қол қойылған: БАЙТЕНОВ С. К., 17.02.2025 16:58

Документ версия 7.22.2. Подлинность документа. Дата 18.02.2025 10:30. Версия СЭД. Документ №978 Дата 18.02.2025. Копия электронного документа

Scanned with CamScanner

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 08 қаңтар №5165-24-00-2/3279 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С. Байтенов,
сот отырысының хатшысы А. Илесбаевтың отыруында,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Шардара ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Байжанов» Байжанов Мейржан Жананхужа угли

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
Тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Н. Мустафаев
талап қоюшы өкілі Б. Айтенов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Шардара ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - талап қоюшы) мен жеке кәсіпкер «Байжанов» Байжанов Мейржан Жананхужа угли (бұдан әрі - жауапкер) арасында 2024 жылғы 30 қыркүйекте жалпы сомасы 39 000 теңгені құрайтын «Анилокстерді тазалауға арналған гель» сатып алу бойынша №87 санды тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - Шарт) түзілген.

Шарттың №1 қосымшасына сай жауапкер тауарды келісім шартқа тұрған күннен бастап 15 күн ішінде, яғни 15 қазан 2024 жылға дейін жеткізуге тиіс болған.

Шарттың әрекет ету мерзімі 31 желтоқсан 2024 жыл.

Scanned with CamScanner

Талап қоюшы сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талап қоюын түсірген. Оның негізіне, жауапкер Шарттың талаптарын орындамағанын көрсеткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түспеген.

Талап қоюшы өкілі сотта талап қоюын қолдап, шарт талаптары жауапкер тарапынан орындалмай тауар жеткізілмегенін, сондықтан талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі сот отырысына келмеді, өзінің келмей қалуының дәлелді себептерін хабарламады және істі қатысуынсыз қарауды сұрамады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі АПК) 196-бабының талабына сәйкес іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

Прокурор талапты қанағаттандыруға жататыны жөнінде қорытынды жасады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің (бұдан әрі -АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V санды Заңының (ары қарай - Заң) 12-бабы 4-тармағы 2-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі жеңімпаздар деп айқындалған, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сотта анықталғаны, тараптар арасында 2024 жылғы 30 қыркүйекте жалпы сомасы 39 000 теңгені құрайтын «Анилокстерді тазалауға арналған гель» сатып алу бойынша №87 санды тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт түзілген.

Шарттың №1 қосымшасына сай жауапкер тауарды келісім шартқа тұрған күннен бастап 15 күн ішінде, яғни 15 қазан 2024 жылға дейін жеткізуге тиіс болған. Алайда, жауапкер міндеттемесін орындамай тауарларды жеткізбеген, яғни Шарттың талаптарын орындамаған.

Көрсетілгендер негізінде, сот, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарттың талаптарын орындамағанын негізге алып, әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға жатады деген қорытындыға келеді.

№2 талап бойынша.

АК-нің 293-бабында тұрақсыздық (айыппұл) заңнамамен немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда немесе тиісінше

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 14.01.2025
Заңды күшіне енген күні: 17.02.2025, судья Байтенов С. К., 17.02.2025
Судопроизводство
Scanned with CamScanner

орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады деп қарастырылған.

Шарттың 7.3-тармағына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстап қалады.

Талап қоюшы жауапкерден Шарт бойынша орындау мерзімінің әрбір кешіктірген күні үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % көлемінде тұрақсыздық айыппұл 39 000 теңге х 0,1% = 15 күнге = 585 теңге өндіруді сұраған.

Жауапкердің тауарды 2024 жылдың 15 қазанға дейін жеткізу жөніндегі міндеттемесін орындамағаны сотта дәлелін тапты.

Істің мұндай тұрғысында сот, талап қоюшының жауапкерден 585 теңге тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талабын заңды және негізді деп тауып, талап қоюшының тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талабы ішінара қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-бабының талаптарына сай жауапкерден баж алымы мемлекет пайдасына өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 – баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Шардара ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Байжанов» Байжанов Мейржан Жананхужа угли мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Байжанов» Байжанов Мейржан Жананхужа углинан мемлекет пайдасына 585 (бес жүз секен бес) теңге тұрақсыздық айыппұл, 2 431 (екі мың төрт жүз отыз бір) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Шешімге наразы тарап шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **С. Байтенов**

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 14.01.2025
Заңды күшіне енген күні: 17.02.2025, Судья Байтенов С. К., 17.02.2025
Scanned with CamScanner

Сот өндірісі
Судопроизводство

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 14.01.2025
Заңды күшіне енген күні: 17.02.2025, Судья Байтенов С. К., 17.02.2025

Scanned with CamScanner